

Маңғыстау облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды қарау жөнінде үкіметтік комиссияны құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 3 қаңтардағы № 1-ө өкімі

1. Маңғыстау облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды қарау жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

2. Комиссия жұмысқа дереу кіріссін, экономикалық орындылығын ескере отырып, Маңғыстау облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жан-жақты қарауды және қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Комиссияның төрағасы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов Комиссия жұмысының нәтижесі және Маңғыстау облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту бойынша қабылданған шаралар туралы баяндасын.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 3 қаңтардағы
№ 1-ө өкіміне
қосымша

Маңғыстау облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды қарау жөнінде үкіметтік комиссияның құрамы

Тоғжанов Ералы Лұқпанұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Комиссия төрағасы
Ноғаев Нұрлан Асқарұлы	-	Маңғыстау облысының әкімі, Комиссия төрағасының орынбасары
Жұманғарин Серік Мақашұлы	-	Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы (келісу бойынша)
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы	-	Қазақстан Республикасы Энергетика министрі
Тұрғымбаев Ерлан Заманбекұлы	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі
Айдарбаев Алик Серікұлы	-	"Қазмұнайгаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы (келісу бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК